

Зыкрина Сымбат Жумабаевнаның
6D010900-«Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін даярлаған «Негізгі мектеп оқушыларының
математикалық білімдерін критериалды бағалаудағы интернет-
технологиялардың ролі» тақырыбындағы диссертациясына

АНДАТПА

Зерттеудің тақырыбы: Негізгі мектеп оқушыларының математикалық білімдерін критериалды бағалаудағы интернет-технологиялардың ролі.

Зерттеу мақсаты: Негізгі мектепте математиканы оқытуда интернет-технологияларды пайдаланып критериалды бағалауды ұйымдастырудың әдістемесін дайындау және оны эксперимент арқылы тексеру.

Зерттеу міндеттері:

1. Негізгі мектеп оқушыларының математикалық білім, білік және дағдыларын критериалды бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздерін қарастыру.

2. Математиканы оқытудағы интернет-технологияларды критериалды бағалау барысында қолданудың негізгі талаптарын анықтау және негіздеу.

3. Негізгі мектеп оқушыларының математикалық білімдерін интернет-технологиялардың көмегімен критериалды бағалауды ұйымдастыру әдістемесін дайындау.

4. Педагогикалық эксперимент нәтижелеріне статистикалық-математикалық өңдеулер жасау арқылы дайындалған әдістеменің тиімділігін анықтау.

Зерттеу әдістері: математикалық білімдерді критериалды бағалаудағы интернет-технологиялардың ролін анықтаумен байланысты философиялық, психологиялық, педагогикалық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді оқып-үйрену; ҚР Оқу-ағарту министрлігінің нормативтік құжаттарын талдау; педагогикалық эксперимент және оның нәтижелеріне статистикалық-математикалық өңдеу жасау; оқушылардың білімдерін критериалды бағалауға қатысты озат педагогикалық тәжірибені оқып-үйрену және тарату.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:

1. Негізгі мектепте оқушылардың математикалық білімдерін критериалды бағалаудың педагогикалық-психологиялық негіздері.

2. Негізгі мектепте математиканы оқыту үдерісінде критериалды бағалауды ұйымдастыруда интернет-технологияларды қолдануға қойылатын талаптар.

3. Негізгі мектептің математика сабақтарында интернет-технологияларды қолданып критериалды бағалауды ұйымдастыру әдістемесі.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы:

1) білім беруді бағалаудың, оның ішінде критериалды бағалаудың мәні мен мақсаты, оның қазіргі заман сұраныстарындағы орны мен ролі және принциптері нақтыланды;

2) математиканы оқыту барысында қолданылатын танымал интернет-технологиялар сараланып, олардың көмегімен критериалды бағалауды ұйымдастыру талаптары айқындалды;

3) интернет-технологияларды оқушылардың математикалық білімдерін критериалды бағалауда қолданудың әдістемесі жасалды;

4) зерттеу жұмысының нәтижелері эксперименталдық жұмыста тексерілді, дәлелденді, ұсыныстар оқу үдерісіне енгізілді.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі:

Бірінші ғылыми нәтиженің негізділігі зерттеушінің білімді бағалаудың, оның ішінде критериалды бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздерін және оның негізгі мектеп математика сабағындағы әдіснамалық негіздерін зерделеуде: нормативтік құжаттарға, ғылыми-зерттеу еңбектеріне сараптау және талдау жасау арқылы негізделуімен, жеке ойын қорытып, тұжырымдай білуімен сипатталады;

Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі негізгі мектепте математика сабағын оқытуда қолданылатын танымал интернет-технологияларға салыстырмалы талдау жасау арқылы анықталған критериалды бағалауды тиімді ұйымдастыруға қажетті талаптарға сәйкес, интернет-технологиялардың математиканы оқыту мақсаттарына, білім берудің дидактикалық қағидаларына, ұсынылған ресурстардың қайтымдылығына, мұғалімнің оқушы жұмыстарына қолжетімділігіне және оқушының кері байланыс алу мүмкіндігіне сай болуының тұжырымдалуымен көрсетіледі;

Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі интернет-технологияларды математиканы оқыту мақсаттарымен байланыстыру негізінде критерийлер, ата-аналар мен оқушыларға арналған рубрикалар мен кері байланыс парақтарының үлгілерін дайындауға бағытталған әдістемесінің ұсынылуымен дәлелденеді;

Төртінші ғылыми нәтиженің негізділігі ізденуші ұсынған әдістеменің эксперимент жұмыстары арқылы тексеріліп, нәтижелеріне талдау жасалуымен, зерттеу жұмысының қорытындыларының оқу үдерісіне енгізілуімен оның шынайылық дәрежесін анықтап береді.

Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестілігі:

Зерттеу Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Білім берудің барлық деңгейлеріне арналған Мемлекеттік жалпыға міндетті білім берудің стандарттарына, Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына, "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасына сәйкес жүргізілді және белгілі ғалымдардың философиялық, педагогикалық, психологиялық және дидактикалық еңбектері, психологиялық-педагогикалық әдебиеттер, ғылыми-әдістемелік әдебиеттер, білім беруде АКТ қолдануға бағытталған еңбектер, оқу-әдістемелік құжаттар, отандық және шетелдік ғылыми-практикалық конференцияларының материалдары, интернет-технологиялар зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздерін құрады.

Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауда қосқан үлесі (диссертация авторының жарияланымның жалпы көлемінен пайызбен өлшенген үлесі көрсетілген):

Диссертацияның мазмұны 17 ғылыми еңбекте көрініс тапқан.

– Scopus халықаралық деректер қорына енгізілген жарияланымдар:

1 Effective teacher feedback: adapting Internet technologies for criteria-based assessment // World Transactions on Engineering and Technology Education. – 2022. – Vol. 20. – No.3. – p. 196-202. (бірлескен авторлар Қожабаев Қ.Ғ., Габдуллин Р.С. Докторант үлесі 90%).

– Web of Science халықаралық деректер қорына енгізілген жарияланымдар:

2 Development of assessment system in school education // Bulletin of National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan. – 2020. – №1 – p. 148-155. (бірлескен автор Қожабаев Қ.Ғ., Далингер В.А. Докторант үлесі 80%).

– ҚР ҒжЖБ Министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда жарияланған мақалалар:

3 Сравнительный анализ интернет-технологий применяемых при критериальном оцениваний знаний учащихся // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми журналы. – 2019. – №7/2 – 133-140 б. (бірлескен автор Қожабаев Қ.Ғ. Докторант үлесі 90%);

4 Білім берудің маңызды компоненті ретінде бағалаудың тарихы және қазіргі жағдайы //Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы. – Педагогика-психология бөлімі. – 2019. – №3 – 210-217 б. (бірлескен автор Қожабаев Қ.Ғ. Докторант үлесі 90%);

5 Математика сабағында интернет-технологияларын қолданудағы тиімді кері байланыстың ролі //Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Хабаршы» журналы. – «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. – 2019. – №4(64) – 343-350 б. (бірлескен автор Қожабаев Қ.Ғ. Докторант үлесі 90%);

– Халықаралық, соның ішінде шетелдік конференциялар материалдарының жинақтарындағы мақалалар:

6 Критериалды бағалауда интернет-технологияларды қолданудың тиімділігі // Iscience «Актуальные научные исследования в современном мире». Халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Переяслав-Хмельницкий, 2018. – 107-115 б. (бірлескен автор Қожабаев Қ.Ғ. Докторант үлесі 90%);

7 Математика сабағында қалыптастырушы бағалау тиімділігін арттырудағы кері байланыстың ролі // «Математикалық білім: жағдайы, мәселелері, болашағы». Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Ақтөбе қ., 2019. – 275-279 б. (бірлескен авторлар Қожабаев Қ.Ғ., Даутов А.О. Докторант үлесі 90%);

8 Применение интернет-технологий при критериальном оценивании на уроках математики // «Математика. Образование. Культура» IX Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары – Тольятти, 2019. – 227-233 б. (бірлескен авторлар Қожабаев Қ.Ғ., Даутов А.О. Докторант үлесі 90%);

9 Математика мұғалімдерінің кәсіби қызметінде интернет-технологияларды қолданудың психологиялық-педагогикалық және әдістемелік аспектілері // «Шоқан оқулары – 23» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары – Көкшетау, 2019. – 82-86 б. (бірлескен авторлар Қожабаев Қ.Ғ., Құттықожаева Ш.Н., Сеитова Т.Ш. Докторант үлесі 70%);

10 Математика сабағында критериалды бағалау тиімділігін арттырудың жолдары //«Мектеп әлемін өзгертетін мұғалім» NIS Conferences Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Нұр-Сұлтан, 2019. – 198-205 б. (бірлескен автор Қожабаев Қ.Ғ. Докторант үлесі 90%);

11 Роль интернет-технологий в критериальном оценивании знаний учащихся основной школы на уроках математики // «Ғылыми және практикалық зерттеулер» электрондық журналы – Омбы қ., 2020 – 71-75 б. (бірлескен авторлар Далингер В.А., Ермаганбетова С.К., Сеитова Т.Ш., Бейсенбаева Г.К. Докторант үлесі 75%);

12 Әлем Smart білім беру жолында: ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамытудың жаңа мүмкіндіктері //«Шоқан оқулары – 24» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Көкшетау, 2020. – 47-52 б. (бірлескен авторлар Қожабаев Қ.Ғ., Құттықожаева Ш.Н., Сеитова Т.Ш. Докторант үлесі 30%)

13 The role of internet technologies in the criteria-based assessment of middle school students in mathematics // Abstracts of VII International Scientific and Practical Conference. – London, United Kingdom, 2021.– p. 262-270. (бірлескен автор Қожабаев Қ.Ғ. Докторант үлесі 90%);

14 Developing Self-Regulation Skills of Children in Mathematics Lessons // Social and Cultural Transformations in The Context of Modern Globalism. European Proceedings of Social and Behavioural Sciences. – 2021. – vol 117. – p. 1776-1784. (бірлескен авторлар Қожабаев Қ.Ғ., Габдуллин Р.С. Докторант үлесі 85%).

– Республикалық ғылыми-әдістемелік журналдарда жарияланған мақалалар:

15 Математика сабағында қалыптастырушы бағалау барысында жиі қолданылатын интернет-технологиялардың тиімділігін бағалау //«Қазақстан мектебі» Республикалық ғылыми-педагогикалық журналы. – №8 – 3-6 б. (бірлескен автор Қожабаев Қ.Ғ. Докторант үлесі 90%).

– Әдістемелік оқу құралдары:

16 Математика пәнінің таңдаулы тақырыптары бойынша оқушыларға кері байланыс беру әдістемесі. – Электронды оқу құралы. – Авторлық куәлік №6408, 13.11.2019. (Докторант үлесі 100%);

17 Қалыптастырушы бағалау. Математика: әдістемелік ұсыным. – Нұр-Сұлтан: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2022. – 62 б. (бірлескен автор Мусина А.Д. Докторант үлесі 90%).